

әрекетінің мүмкіндігінің дәрежесін куәландыратын мән-жайларды қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
2. Коврига З.Ф. «Уголовно-процессуальная ответственность», Воронеж, 1984г.- 191 с.
3. Ахпанов Д.М. «Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования», Алматы, 1997 г. - 300 с.

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІ АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕРІ

Өзбеков Д.Ө., з.ғ.қ., Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика
кафедрасының профессор ассистенті

Жаппар Е.С.Қарағанды облысы прокуратурасының Аппарат басшысы

Нуридинова С.О., СПД-23-3к тобы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әйелдер қылмыстылығының тіркелген ресми статистикалық деректері, әйелдер қылмысының таралу себептері мен үрдістерін сипаттау негізінде қарастырылып, аталған контингентке қатысты түзету әсеріне қол жеткізу мәселесі талданады. Мақаланың негізгі идеясы – қылмыс жасауға себеп болған сотталған әйелдің теріс тұлғалық қасиеттерін түзету ықпалының басты нысаны ретінде айқындау қажеттілігі. Зерттеу нәтижесінде автор қазақстандық пенитенциарлық тәжірибеге әйелдерді түзеудің түбегейлі жаңа тәсілдерін енгізудің қажеттілігі туралы қорытындыға келеді.

Мақалада Қазақстандағы әйелдерге арналған түзеу мекемелеріндегі жазаны орындаудың ерекшеліктері қарастырылады. Бүгінгі таңда елде Алматы, Шымкент, Атырау, Қарағанды, Петропавл және Абай облысында орналасқан 6 әйелдер колониясы жұмыс істейді, онда 2 мыңнан астам әйел жазасын өтеп жатыр.

Зерттеуде әйелдердің басым бөлігі ҚК-нің 190-бабы (алаяқтық), сондай-ақ экономикалық қылмыстар, есірткі қылмыстары, ұрлық және адам өлтіру үшін сотталғаны атап өтіледі. Арнайы назар жүкті әйелдер мен аналарға аударылған. Авторлар сотталған әйелдер босануды түрме ішінде емес, жақын жердегі перзентханаларда өткеретініне, ал босанғаннан кейін балалардың 3 жасқа дейін анасының қасында бола алатынына тоқталады. Одан әрі олар туыстарына беріледі немесе балалар үйіне орналастырылады [1; 3].

Мақалада әйелдердің жазаны өтеу жағдайларының моральдық-психологиялық ауыртпалығы, ана мен баланың құқықтарының шектелуі, қазақстандық қылмыстық-атқару жүйесінің гуманизацияға мұқтаж екендігі ашып көрсетілген. Адвокаттар мен бұрынғы сотталғандардың пікірлері негізінде жүкті әйелдер мен балалы аналарға қатысты жаза түрлерін баламалы шараларға ауыстыру қажеттілігі негізделген.

Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығы соңғы жылдары тұрақты түрде зерттеліп келеді. Әйелдердің қылмыс жасау деңгейі ерлермен салыстырғанда едәуір төмен болғанымен, олардың жасаған әрекеттерінің әлеуметтік қауіптілігі жоғары болып отыр. Әйелдер арасында ауыр және аса ауыр қылмыстардың үлесі өсіп келе жатқаны статистикалық деректерден байқалады. Мәселен, 2021 жылы Қылмыстық кодекстің 99-бабы бойынша тіркелген қылмыстардың 11,6%-ын әйелдер жасаған. Бұл – әрбір оныншы кісі өлтіру дерегі әйелдер тарапынан жасалғанын білдіреді.

Әйелдердің қылмысқа бару себептері көбіне тұрмыстық келіспеушіліктерге, әлеуметтік-

психологиялық дезадаптацияға, агрессивтік мінез-құлыққа және импульсивті әрекеттерге байланысты. Әсіресе аффект жағдайында жасалған қылмыстар әйелдерге тән құбылыс болып отыр. Бұл олардың эмоциялық тұрақсыздығын және психологиялық тұрғыдан қорғалмағанын көрсетеді.

Әйелдер колониясы – бұл Қазақстандағы тікенді сымның ар жағындағы өзіндік бір әлем. Мұнда жаза мен аналық, қайғы мен үміт қатар өріліп жатыр. Түрме қабырғасында олар тек қана жаза өтеп қоймайды, сондай-ақ бала туып, оларды тәрбиелейді [3].

Тек өткен жылы қазақстандық әйелдер 56 қылмыс жасағаны тіркелді. Оның ішінде 52-сі – ауыр, 3-еуі – аса ауыр, 1-еуі – онша ауыр емес қылмыс [3].

Тек өткен жылы қазақстандық әйелдер 56 қылмыс жасағаны тіркелді. Оның ішінде 52-сі – ауыр, 3-еуі – аса ауыр, 1-еуі – онша ауыр емес қылмыс [3].

Ресми статистика әйелдер қылмыстылығының келесі құрылымдық ерекшеліктерін айқындайды:

- Аффективтік қылмыстардың басымдығы. ҚК-нің 101-бабы (аффект жағдайында кісі өлтіру) бойынша сотталғандардың 37,5%-ы әйелдер.

- Қажетті қорғаныс шегінен шығу. ҚК-нің 102-бабы бойынша сотталғандардың 25%-ын әйелдер құрайды. Бұл олардың зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету кезінде шектен тыс күш қолданатынын көрсетеді.

- Экономикалық және мүліктік қылмыстардың көбеюі. Соңғы жылдары алаяқтық (ҚК 190-бабы), ұрлық және қаржы саласындағы құқық бұзушылықтар әйелдер арасында жиілеп отыр. Көп жағдайда банктердің, кассалардың, бухгалтерияның қызметкерлері қылмыс субъектісі болады.

- Әлеуметтік-психологиялық дезадаптация. Әйелдердің қылмыстық мінез-құлқына отбасылық зорлық-зомбылық, жұмыссыздық, материалдық тапшылық ықпал етеді.

Бұл деректер әйелдер қылмыстылығының өзіндік ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, оларды түзеу шараларында жеке тәсіл қолдану қажеттігін көрсетеді [3].

Қазақстанда қазіргі таңда 6 әйелдер колониясы жұмыс істейді: Алматы, Шымкент, Атырау, Қарағанды, Петропавл және Абай облысында. Бұл мекемелерде екі мыңнан астам әйел жазасын өтеп жатыр. Колониялардың материалдық-техникалық жағдайы әрқелкі: кейбірінде жаңа корпусстар салынғанымен, жалпы инфрақұрылым ескі болып қала беруде.

Әйелдер колониясында ерекше мәселе – аналар мен балалар тағдыры.

Жүкті әйелдер түрмеде босанбайды. Оларды конвоймен жақын жердегі перзентханаға апарды. Бірақ ескі автозактардың жағдайы жүкті әйелдерді тасымалдауға мүлдем сай емес. Босағаннан кейін оларды қайтадан колонияға әкеледі, ал сәбиін анасының қасында қалдырады.

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 116-бабы бойынша сәби үш жасқа толғанға дейін анасымен бірге бола алады. Кейін туыстарының қамқорлығына немесе балалар үйіне беріледі. Бұл жағдай сотталған аналарға ауыр психологиялық соққы болып тиеді. Нәтижесінде әйелдердің түзеу процесі әлсіреп, қайта қылмыс жасау тәуекелі артады. Ойлап қарасақ, Қазақстанда жүкті және бала тәрбиелеп отырған әйелдерге арналған жазаны жеңілдету қажет. Өйткені анамен бірге оның баласы да еркіндігінен айырылады [1; 3].

Қылмыстық-атқару жүйесінде әйелдерге қатысты түзету жұмыстарының басты нысанасы олардың теріс жеке қасиеттерін азайту болуы тиіс. Атап айтқанда:

- импульсивтілік,
- агрессивтілік,
- өшпенділік,
- пайдакүнемдік ұмтылыс,
- эмоциялық тұрақсыздық.

Бұл мақсаттарға жету үшін тек ішкі тәртіп ережелерін қадағалау жеткіліксіз. Әйелдермен психологиялық түзету жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік бейімделу бағдарламалары іске асырылуы қажет [2; 4].

Гендерлік тәсілдің мәні – жаза түрін дараландыру, әйелдің аналық рөлін, психологиялық ерекшеліктерін және әлеуметтік жағдайын ескеру. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жүкті немесе жас баласы бар әйелдерге бас бостандығынан айыру емес, баламалы жазалар қолдану тиімдірек [2; 6].

Тағы бір үлкен мәселе, жаза өтеу мекемелерден босап шыққаннан кейін әйелдердің қоғамға қайта бейімделуі – ең әлсіз буын. Реабилитация жүйесінің жоқтығы олардың жұмысқа орналасуын қиындатады, ал «сотталған» деген таңба әлеуметтік «стигма» ретінде сақталады. Нәтижесінде босап

шыққан әйелдер қайта қылмыс жасап, түрмеге оралуы мүмкін.

Мәселен, Еуропа елдерінде әйелдерді реабилитациялау үшін арнайы әлеуметтік орталықтар жұмыс істейді, онда олар кәсіби білім алады, психологиялық көмек алады және балаларымен бірге қалыпты өмірге бейімделеді. Қазақстан үшін де осындай жүйені қалыптастыру аса маңызды [6].

Қазақстан Республикасының Президентінің 2021 жылғы Жарлығында адам құқықтарын қорғауды күшейту және пенитенциарлық жүйені халықаралық стандарттарға жақындату міндеті қойылды. Әйелдерге қатысты жазаны орындау кезінде бұл міндет ерекше өзекті. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бангкок ережелері» әйелдерге бас бостандығынан айыруды тек соңғы шара ретінде қолдануды ұсынады [4; 2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі сотталғандардың мінез-құлқына қарай жазаны дараландыруды көздейді. Бұл норманы әйелдерге қатысты қолдану олардың түзелуіне оң ықпал ете алады [6].

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығының өзіндік ерекшеліктерін айқындап берді. Ресми статистика әйелдер жасаған қылмыстар құрылымында алаяқтық, экономикалық қылмыстар, сондай-ақ эмоциялық-импульсивтік сипаттағы зорлық қылмыстарының басым екенін көрсетеді. Бұл құбылыс әйелдердің әлеуметтік-психологиялық дезадаптациясы мен аффективтік жағдайларға бейімділігімен тығыз байланысты.

Қылмыстық-атқару жүйесінде әйелдерге қатысты жазаны орындау тек қана жазалау сипатына ие болмауы тиіс, сонымен бірге олардың түзелуіне, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге және қоғамға қайта бейімделуіне бағытталуы қажет. Әйел сотталғандардың аналық рөлі мен гендерлік ерекшеліктерін ескермеу түзету әсерінің нәтижелілігін төмендетіп, олардың бостандыққа шыққаннан кейін қайта қылмыс жасау қаупін арттырады.

Осыған байланысты, әйелдерге қатысты қылмыстық-атқару саясатының басты бағыты – гуманизм қағидатын негізге ала отырып, олардың теріс қасиеттерін (импульсивтілік, агрессивтілік, өшпенділік, пайдакүнемдік) психологиялық және әлеуметтік әдістер арқылы азайту немесе бейтараптандыру болуы тиіс. Сонымен қатар, әйелдерді кәсіби даярлау, жұмыспен қамтуға жағдай жасау және босанғаннан кейінгі реабилитациялық қолдау тетіктерін күшейту – қылмыстық-атқару жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Жалпы алғанда, Қазақстанда әйелдер қылмыстылығын төмендетудің және олардың қайта әлеуметтенуінің тиімді жолы – жазалау шараларын гуманизациялау, түзеу ықпалын күшейту және постпенитенциарлық қолдау жүйесін дамыту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>
2. Середя Е. И. Теоретические и прикладные проблемы применения наказания в виде лишения свободы : дис д-ра юрид. наук. М., 2000. 324 с.
3. «Тордың ар жағындағы әйелдер: Қазақстандағы колонияларды сотталғандар қалай өмір сүреді» Дана Мансур <https://rus.azattyq-ruhy.kz/avtory/90649-zhenshchiny-za-reshetkoi-kak-zhivut-osuzhdennye-v-kazahstanskikh-koloniakh>
4. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралары туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000659>
5. Комментарий к Уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан.-Астана-2014, 536 б.
6. С.Тоқыбаев, С.Қ.Алтайтаев Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару құқығы: Дәрістер курсы.-Қарағанды 2017.-201 б.